

**Аудандық мәслихаттың 2006 жылғы 27 желтоқсандағы "Мәртөк ауданының елді мекендеріндегі үй жануарларын ұстау Қағидасын бекіту туралы" N 232 шешіміне толықтырулар енгізу туралы (тіркеу N 3-8-31, 2007ж. 12.01.)**

*Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Мәртөк аудандық мәслихатының 2008 жылғы 16 сәуірдегі N 43 шешімі. Ақтөбе облысы Мәртөк ауданының Әділет басқармасында 2008 жылдың 28 сәуірде N 3-8-54 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мәртөк аудандық мәслихатының 2010 жылғы 23 сәуірдегі N 168 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мәртөк аудандық мәслихатының 2010.04.23 N 168 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-II «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңына және 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339-II «Ветеринария туралы» Заңының 10-1 бабының 1 тармағына сәйкес аудандық мәслихат ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Аудандық мәслихаттың 2006 жылғы 27 желтоқсандағы «Мәртөк ауданының елді мекендеріндегі үй жануарларын ұстау Қағидасын бекіту туралы» № 232 (тіркеу № 3-8-31 2007 жылғы 12.01., 2007 жылғы 14.02. № 7 аудандық «Мәртөк тынысы» газетінде жарияланған) шешіміне келесі толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда аталған шешімімен бекітілген Мәртөк ауданының елді мекендеріндегі үй жануарларын ұстау Қағидасына 7 тармағы мынадай мазмұндағы 7 тармақшамен толықтырылсын:

«7) аудандағы елді мекендерінде ауылшаруашылық жануарлар мен құстарды жаюға тыйым салынады. Ауылшаруашылық жануарлар жазғы мезгілде арнайы бөліп берілген жайылымдарда бақтырылсын».

2. Осы шешім алғашқы рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтезбелік күн өткен соң күшіне енеді.

*Аудандық мәслихат*  
*сессиясының төрағасы хатшысы*  
*А.Шек А.Смағұлов*

*Аудандық мәслихат*